

## Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 28 қарашадағы N 449 Жарлығы  
Қазақстан Республикасының Президенті  
мен Үкіметінің актілер жинағында  
жариялануы тиіс

### ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің мынадай актілеріне өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Кешірім жасау мәселелері жөніндегі комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 5 шілдедегі N 140 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., N 25, 254-құжат; 2007 ж., N 11, 119-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Кешірім жасау мәселелері жөніндегі комиссия туралы ережеде:

19-тармақтағы "шартты-мерзімінен бұрын босатылған," және ", сондай-ақ жазасын өтеген адамның" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 19-1 және 19-2-тармақтармен толықтырылсын:

"19-1. Шартты-мерзімнен бұрын босатылған адамдардың кешірім жасау туралы өтініштері Қазақстан Республикасының Президентіне тұрғылықты жері бойынша ішкі істер органдары арқылы жіберіледі.

19-2. Сот тағайындаған жазаны өтеген адамдарға кешірім жасау туралы өтініштерді Қазақстан Республикасы Президентінің атына олар өз бетінше жібереді.";

26-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"26. Кешірім жасау туралы өтінішке қоса берілген және түзеу мекемелері, ішкі істер органдары арқылы жіберілген материалдарды тиісінше осы мекемелердің әкімшілігі (қолбасшылығы), тиісті ішкі істер органдарының басшылығы куәландырады.";

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Кешірім жасау мәселелері жөніндегі комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Шәкіров - Қазақстан Республикасындағы Адам  
Асқар Оразалыұлы құқықтары жөніндегі уәкіл;

м ы н а ж о л д а р :

"Байқадамов - Қазақстан Республикасындағы Адам  
Болат Кенжекешұлы құқықтары жөніндегі уәкіл",

"Самақова  
Айткүл Байғазықызы - Қазақстан Республикасы Президентінің  
кеңесшісі - Қазақстан Республикасы  
Президентінің жанындағы Отбасы істері  
және гендерлік саясат жөніндегі ұлттық  
комиссияның төрайымы"

тиісінше мынадай редакцияда жазылсын:

"Байқадамов  
Болат Кенжекешұлы - Қазақстан Республикасы Президентінің  
жанындағы Отбасы істері және гендерлік  
саясат жөніндегі ұлттық комиссия  
Хатшылығының меңгерушісі",

"Самақова  
Айткүл Байғазықызы - Қазақстан Республикасы Парламенті  
Мәжілісінің депутаты";

көрсетілген Комиссия құрамынан С.П.Нұғыманов шығарылсын;

2) "Қазақстан Республикасы Президентінің жанында Құқықтық саясат жөніндегі кеңес құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 19 ақпандағы N 303 өкіміне (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., N 6, 44-құжат; N 39, 396-құжат; 2003 ж., N 18, 180-құжат; 2004 ж., N 4, 50-құжат; N 51, 671-құжат; 2005 ж., N 44, 578-құжат; 2006 ж., N 7, 51-құжат; 2007 ж., N 5, 62-құжат; N 26, 299-құжат):

жоғарыда аталған өкіммен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Құқықтық саясат жөніндегі кеңестің дербес құрамына мыналар енгізілсін:

Шәкіров  
Асқар Оразұлы - Қазақстан Республикасындағы Адам  
құқықтары жөніндегі уәкіл;

көрсетілген Комиссия құрамынан Б.К.Байқадамов шығарылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*